

6D011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша
(PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған

Байшымырова Айгерим Утегеновнаның

«Ақпараттық-коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-
негізделген құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен әдістемесі»

тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІЦ ПІКІРІ

А. У Байшымырованың ғылыми жұмысының өзектілігі КР халықаралық ынтымақтастығының кеңеюімен байланысты, өйткені ғылым мен экономиканың түрлі салаларында ақпараттық аудармалар саны едәуір есті. Аударма процесінің сипаты да өзгерді, заманауи ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды пайдалану арқылы аударма қызметінің тиімділігін арттыру қажеттілігі туындалады. Зерттеу мәселесіне терең бойлау А.У. Байшымыроваға диссертациялық зерттеу тақырыбын мүқият қарастыруға, таңдалған ғылыми мәселені теориялық түрғыдан талдауға және әмпирикалық материалды жалпылау мен түсіндіру арқылы тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүзеге асыруға дайындалған маман ретінде көрінуге мүмкіндік берді.

Диссертацияның құрылышы зерттеудің жалпы логикасынан туындейды, бұл ізденушіге алға қойылған ережелерді дәлелдеуге септігін тигізеді. Диссертацияның мақсаты міндеттерге, зерттеу әдістеріне сәйкес келеді. Кіріспеде зерттеудің ғылыми-тұжырымдамалық аппараты қалыптастырылған, оның дамуы қарастырылып отырған мәселені шешуді қамтамасыз етті. Жұмыста ұсынылған теориялық ережелер және А.У. Байшымырованың диссертациялық зерттеуінің қолданбалы нәтижелері ішкі тұластық пен өзара толықтырушылықпен сипатталады. Жұмыста келесі нәтижелер алынды:

- аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігінің ұғымдық мәні анықталды, оның құрылымының интегралды жиынтығы когнитивті-ұғымдық, шеттілдік кәсіби-коммуникативтік, ақпараттық-іздестіру және операциялық-инструменталды субкомпетенциялар арқылы ұсынылған;
- аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігінің қалыптастасу деңгейі кешенді бағалаудың дескрипторлары, деңгейлері мен критерийлері арқылы анықталды; аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру үшін АКР лингводидактикалық әлеуеті анықталды;
- ақпараттық-коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың мақсаты, тұжырымдамалық, мазмұндық, процессуалдық және бағалау-нәтижелі блоктарын қамтитын құрылымдық-функционалдық модель теориялық түрғыдан негізделді және іс жүзінде әзірленді;
- аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған пәндік мазмұн бірлігі ретінде интеграцияланған тезаурустық кәсіби концепт мазмұны өзектендірілді;

- ақпараттық-коммуникациялық ресурстар негізінде жаттығулардың интегративті жүйесі субкомпетенциялар құрылымына сәйкес әзірленді;
- аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың кезеңдік әдістемесінің алгоритмі әзірленді, ол бірін-бірі толықтыратын тәсілдер кешенінің ережелеріне негізделеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі кезең-кезеңімен әзірленіп, эксперименталды түрде сынақтан өткізіліп, оқу процесіне енгізілді; «Basic English for Translators» электронды окулық әзірленіп, сынақтан өткізілді.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері болашақ аудармашылардың кәсіби даярлығының сапасын арттыруға және олардың АҚР арқылы кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етуге бағытталған. Алынған мәліметтердің дұрыстығы мен негізділігі бастапқы теориялық ережелердің әдіснамалық негізділігімен және педагогиканың, психологияның және шеттілдік білім беру әдістемесінің іргелі ережелеріне сүйене отырып, проблеманы зерттеуге біртұтас көзқараспен қамтамасыз етілген; проблеманы тұтас білім беру процесінде қарастыру; гипотезаны тексеруге бағытталған зерттеу әдістерін кешенді қолдану; эксперименттің практикалық тиімділігі; тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижесінде алынған мәліметтердің репрезентативтілігі мен маңыздылығы.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мен негізгі ережелері халықаралық және отандық ғылыми конференцияларда, ғылыми басылымдардың мақалаларында ұсынылды және оң бағаланды. А.У. Байшымырова диссертациямен жұмыс істеген уақытында 17 ғылыми жұмыс жариялады: оның ішінде Scopus халықаралық ғылыми базасында 2 мақала; Білім және ғылым саласындағы Сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған рецензияланатын журналдарда 5 мақала, 7 – халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында және 3 – ҚР ғылыми журналдарында көрсетілген.

Жалпы алғанда, жоғарыда айтылғандардың негізінде А.У. Байшымырованың «Ақпараттық-коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы біліктілік жұмыстарына қойылатын талаптарға сәйкес келеді, қорғауға жіберілуі мүмкін және оған 6D011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ғылыми жетекшісі

П.Г.К., Абылай хан атындағы

ҚазХҚжәнеӘТУ доценті

Садықова А.К.

